

Балық шаруашылығы ұйымдарында қорықшылық қызмет туралы үлгі Ережені бекіту жайлы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 107"а"-п бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 1 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3237. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 12 сәуірдегі № 249 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.04.12 № 249 Бұйрығымен.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса берілген балық шаруашылығы ұйымдарында қорықшылық қызмет туралы үлгі Ереже бекітілсін.

2. Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және реттеу басқармасының балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу бөлімі (Ағзам Ж.) осы бұйрықты Балық шаруашылығы комитетінің аумақтық органдары назарына жеткізсін.

3. Бұйрықтың орындалуына бақылау Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және реттеу басқармасына (Сыздықов Н.Н.) жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап күшіне енеді.

Төраға м.а.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Балық шаруашылығы комитетінің
төраға міндетін атқарушысының
2004 жылғы 10 қ а р а ш а д а ғ ы
N 107 " а " - п б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Балық шаруашылығы ұйымдарында қорықшылық қызмет туралы үлгі Ереже 1. Жалпы ережелер

1. Осы балық шаруашылығы ұйымдарында қорықшылық қызмет туралы үлгі Ереже (бұдан әрі - үлгі Ереже) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және балық шаруашылығы ұйымдары қорықшылық қызметінің мәртебесі мен өкілеттілігін айқындайды.

2. Қорықшылық қызметтің құзыреті балық шаруашылығы ұйымдарына балық шаруашылығын жүргізу мен балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалану үшін бөлінген немесе бекітіліп берілген балық шаруашылығы су тоғандары (учаскелері) шекара шегінде ғана таратылады.

3. Қорықшылық қызмет балық шаруашылығы ұйымы басшысының бұйрығымен құрылады және тікелей осы ұйымның басшысына немесе оның орынбасарына бағынады.

4. Қорықшылық қызметі қызметкерлерінің қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына, қорықшылық қызмет туралы Ережеге және лауазымдық нұсқауларға негізделеді.

5. Осы үлгі Ереже негізінде әзірленетін қорықшылық қызмет туралы ереже балық шаруашылығы ұйымдарымен бекітіледі және балық шаруашылығы саласындағы аумақтық уәкілетті органмен келісіледі (бұдан әрі - аумақтық уәкілетті орган). Қорықшылық қызметі қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулары балық шаруашылығы ұйымдарының басшыларымен әзірленеді және бекітіледі.

2. Қорықшылық қызметтің негізгі міндеттері мен функциялары

6. Қорықшылық қызметтің негізгі міндеттері:

1) бекітіліп берілген балық шаруашылығы су тоғандарында балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өндірістік бақылауды қамтамасыз ету;

2) табиғат қорғау заңнамаларының бұзылуының, сондай-ақ балық шаруашылығы қызметкерлеріне қатысты бөтен адамдар тарапынан құқыққа қарсы әрекеттері жағдайының алдын алу және жолын кесу болып табылады.

7. Қорықшылық қызметтің негізгі функциясы:

1) балық шаруашылығы су тоғандарын (учаскелерін) балық және басқа да су жануарларын заңсыз аулаудан (браконерліктен) қорғау;

2) балық шаруашылығы учаскелерінде және кәсіптік қостарда тұрған мүліктердің және олжаланған балықтың, жүзу құралдарының және аулау құралдарының, сондай-ақ кәсіптік және көліктік кемелердің жүру жолдарында сақталуын қамтамасыз ету;

- 3) балық шаруашылығы су тоғандарында (учаскелерінде) бөтен адамдар мен көлік құралдарының тұруын жібермеу;
- 4) кәсіпшілікпен балық және басқа да су жануарларын аулауға бөлінген квотаны игеруге бақылау;
- 5) балық шаруашылығы учаскелерінің тиісті санитарлық жай-күйіне бақылау;
- 6) ауланғандардың сақталуы және оларды қабылдау мен қайта өңдеу орындарына жеткізу;
- 7) ауланғандарды көрсетпеу деректерін және рұқсат беру құжаттарынсыз бөтен жеке және заңды тұлғаларға таратуды жібермеу болып табылады.

3. Қорықшылық қызметтің өкілеттілігі

8. Қорықшылық қызметінің қызметкерлері белгіленген тәртіпте:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында әкімшілік құқық бұзушылық жайлы оларды міндетті түрде балық ресурстарын және балық аулауды реттеу жөніндегі мемлекеттік инспекторларға өткізумен хаттама жасауға;

2) заңсыз сатып алу деректері, сондай-ақ аулаудан балықтардың ұрланғаны табылған кезде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су тоғандары (учаскелері) шегінде бөтен адамдарды ұстауға, автомобильдік және су көліктерін тоқтатуға құқылы.

9. Қорықшылық қызметтің қызметкерлері:

1) бекітіліп берілген су тоғандарына (учаскелеріне) тұрақты бақылауды жүзеге асырады, сол ұйымдардың қызметкерлері мен сол ұйымдардың балансында тұратын көліктерден басқа, олардан бөтен тұлғалардың және көліктердің тұруына жол бермеуге;

2) осы су тоғанында (учаскеде) кәсіпшілік жүргізуші адамдардан санитарлық нормалардың және ереженің сақталуын, балық шаруашылығы учаскесінің аумағын былғауды жібермеуге және балық шаруашылығын жүргізу мен жануарлар дүниесін пайдалануға арналған келісімге сай балық шаруашылығы ұйымдары қабылдаған міндеттемелерді орындауды талап етуге;

3) бұзушыға жасалған материалдарды және аулау құралдары мен балықтарды уәкілетті органның жақын жердегі аумақтық бөлімшелеріне тапсырады. Мұндай мүмкіншілік болмаған кезде алынған аулау құралдары мен балық бұзушының түсініктемесі қосылатын тиісті акті жасалынып, бұзушыда қалдырылады;

4) ай сайын аумақтық уәкілетті органға қатаң есептегі бланкілерді пайдалану мен бөлінген және бекітіліп берілген балық шаруашылығы су тоғандарында (учаскелерінде) табиғат қорғау заңнамаларын бұзушыларға жасалған актілер жөнінде есеп тапсыруға;

5) бірлескен рейдтерді жүзеге асырғанда аумақтық уәкілетті орган қызметкерлеріне табиғат қорғау заңнамаларын бұзушыларды ұстау кезінде көмек көрсетуге ;

6) аумақтық уәкілетті органның лауазымды адамдарын (қызметтік куәлігін көрсеткен кезде) су тоғандарына (учаскелеріне), кәсіптік қостар мен кемелерге балық шаруашылығын жүргізуге бақылау мен балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамаларының сақталуын жүзеге асыру үшін еш кедергісіз жіберуге ;

7) лауазымдық міндет төңірегінде басқа да талаптарды орындауға міндетті.

4. Қорытынды ережелер

10. Қорықшылық қызметтің қызметкерлері мен аумақтық уәкілетті органдардың мемлекеттік инспекторларының өзара іс-қимылы мақсатында қорықшылардың саны туралы ақпарат және олардың балық шаруашылығы ұйымдарында орналасуы жөнінде тиісті бұйрық аумақтық уәкілетті органға тапсырылады.

11. Қорықшылық қызмет алған балық және басқа да заттар балық шаруашылығы ұйымдарында, уәкілетті органмен немесе сотпен шешім қабылдағанға дейін, жауапты сақталуда тұруы керек.

12. Балық шаруашылығын (учаскесін) қорғау мәселесі жөніндегі барлық даулы мәселелер белгіленген заңнамалық тәртіппен шешіледі.